

Бестамақ “Болашақ” балалар бақшасы

**«Этикалық мәдениет – тәрбиешінің
кәсіби келбеті»
(семинар)**

Өткізген әдіскер: Бекенова Г.Ж.

2025 жыл, қараша.

Семинар

Тақырыбы: «Этикалық мәдениет – тәрбиешінің кәсіби келбеті»

Форматы: дәріс, топтық жұмыс, жаттығулар, пікірталас

I. Кіріспе бөлім

- Тақырыптың өзектілігін түсіндіру.
- «Этика дегеніміз не?» – шағын миға шабуыл.
 1. Әр қатысушы этика туралы бір сөз айтады (әдеп, сыйластық, мәдениет, жауапкершілік т.б.).
 2. Флипчартқа жазылады.



II. Негізгі бөлім

1. Теориялық блок

- Этикалық мәдениет ұғымы.
- Тәрбиешінің кәсіби келбетінің негізгі қырлары:
 - сөйлеу мәдениеті;
 - сыртқы бейне;
 - қарым-қатынас әдебі;
 - құндылық бағдарлары.

2. Практикалық жаттығулар

Жаттығу 1: «Жағдаятты шешу»

- Қатысушыларға 3 жағдаят беріледі:
 1. Ата-ана тәрбиешіге баласының тәртібі үшін шағымданды.
 2. Баланың қателігіне тәрбиешінің реакциясы.
 3. Әріптеспен келіспеушілік туындады.
- Әр топ жағдаятты талқылап, этикалық тұрғыдан дұрыс шешімін ұсынады.

Жаттығу 2: «Этикалық кодекс»

- Қатысушылар шағын топта тәрбиешінің кәсіби этикасына қатысты 5 ережеден тұратын «кодекс» құрастырады.
- Әр топ өз кодексін таныстырады.

Жаттығу 3: «Менің кәсіби келбетім»

- Әр қатысушыға парақ беріледі.
- Тапсырма: «Мен тәрбиеші ретінде қандай қасиеттеріммен ерекшеленемін?» деген сұраққа жауап жазу.
- Кейін жұппен бөлісіп, пікір алмасады.

III. Қорытынды бөлім

- «Этикалық мәдениет – кәсіби келбеттің айнасы» деген қорытынды ой.
- Рефлексия: қатысушылар семинардан алған әсерін бір сөзбен сипаттайды (мысалы: сенім, сыйластық, жауапкершілік).
- Ұсыныстар: кәсіби этиканы дамыту үшін өзін-өзі бақылау, әріптестермен тәжірибе алмасу, ата-анамен ашық қарым-қатынас жүргізу.

